

Павлодар ауданы Рождественка ауылдық округі Максимовка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Рождественка ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 сәуірде № 5091 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Максимовка ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, 2015 жылғы 2 желтоқсандағы Павлодар облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде Рождественка ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Павлодар ауданы Рождественка ауылдық округі Максимовка ауылының келесі көшелерінің атаулары:

"Гончаров" көшесі "Қайырбек Жүсіпов" көшесіне;

"Степная" көшесі "Сахан Аштаев" көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рождественка ауылдық
округінің әкімі*

О. Копенов